

Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжі
Қамқоршылық кеңестің хаттамасы
№ 1

Қаратау қаласы

«22» 12 2017 жыл

Қатысқандар:

- | | |
|-----------------|--|
| Жолдасов Қ.Б. | - колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС басшысы |
| Қартабаев Ғ.Т. | - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары |
| Аманжолова Ұ.М. | - ата-аналар комитетінің төрайымы |
| Төлебаев А.Т. | - колледж түлегі, аудандық мәслихаттың хатшысы |
| Омаров Қ.К. | - «Казфосфат» ЖШС Шолақтау ТКӨК басшысы |
| Сейдалиев Р.М. | - «Игілік» көпсалалы кәсіпорынның директоры |
| Тоқмырзаев Ғ.Е. | - Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы |
| Сембин Б.Ж. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Естенбаева А.Т. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Науанова Ғ.Б. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |

Қатыспағандар:

- | | |
|---------------|---|
| Изенбаев М.К. | - «Бином» ЖШС бас инженері (іс сапарда) |
|---------------|---|

Шақырылғандар:

- | | |
|-----------------|---------------------|
| Маселбеков Д.М. | - колледж директоры |
|-----------------|---------------------|

КҮН ТӘРТІБІ

1. Ұйымдастыру жұмыстары.
 - қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау
 - кеңес хатшысын сайлау
 - кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
3. Әр түрлі

Бірінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Д.Маселбеков, Ғ.Қартабаев, Қ.Жолдасов

Д. Маселбеков, колледж директоры - өз сөзінде, ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдеде № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларында» көрсетілген талаптарды таныстыра келе, қамқоршылық кеңес құрамын бекітуді, төрағасы мен кеңес хатшысын сайлауды ұсынды. Сонымен қатар кеңестің жұмысына сәттілік тіледі.

Ғ.Қартабаев, «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қамқоршылық кеңестің жаңа үлгілік қағаздарын басшылыққа ала отырып, ұйымдастыру мәселесі бойынша өз ұсынысын білдірді. Қамқоршылық кеңестің төрағасына, колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС директоры Жолдасов Қабыл Бекбосынұлының кандидатурасын және кеңес хатшылығына – колледждің ата-аналар комитетінің төрайымы Аманжолова Ұлжан Манатбекқызын сайлауды ұсынды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған үміткерлердің өмірбаянымен танысып, өзара талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Қаратау гуманитарлық - техникалық колледжінің қамқоршылық кеңесінің құрамы 11 адамнан құрылсын.

Жолдасов Қабыл Бекбосынұлы	– «Талас жолдары» ЖШС басшысы
Аманжолова Ұлжан Манатбекқызы	– ата-аналар комитетінің төрайымы
Қартабаев Ғалым Тамабекұлы	– «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
Төлебаев Арқабек Төлебайұлы	– Талас ауданының маслихат хатшысы
Изенбаев Мәди Касымбекович	– «Бином» ЖШС бас инженері
Омаров Құдиярбек Кенесбекұлы	– «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры
Сейдалиев Рашид Мәдібекұлы	– «Игілік» көп салалы кәсіпорнының директоры
Тоқмырзаев Ғалымжан Есенәліұлы	– Талас ауданы әкім аппаратының ұйымдастыру- инспекторлық бөлімінің бас инспекторы
Сембин Біржан Жамалбекұлы	– ата-аналар комитетінің мүшесі
Естенбаева Айгүл	– ата-аналар комитетінің мүшесі

Тілеубайқызы
Науанова Гүлзат
Бекетқызы

— ата-аналар комитетінің мүшесі

2. Кеңес төрағасы болып «Талас жолары» ЖШС директоры, колледж түлегі Жолдасов Қабыл Бекбосынұлы сайлансын.
3. Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып Аманжолова Ұлжан Манатбекқызы сайлансын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлісу бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ғ.Қартабаев

Ғ.Қартабаев, кеңес мүшесі — қамқоршылық кеңестің үш тұрақты жұмысшы тобын құруды ұсынды.

Бірінші бағыт: материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржылық талдау

Екінші талдау: студенттердің оқу-өндірістік іс-тәжірибелері және түлектердің жұмыспен қамтылуы, кәсіпорындармен байланысы

Үшінші бағыт: студенттердің әлеуметтік қамтылуы және тәрбие жұмысы

Бірінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Қ.Жолдасов (төраға); А.Төлебаев; Ғ.Токмырзаев

Екінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Р.Сейдалиев (төраға); к.Омаров; М.Изенбаев; Ғ.Қартабаев

Үшінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Аманжолова Ұ (төрайым); Б. Сембин; А.Естенбаева; Т.Науанова

Кеңес мүшелері ұсынысты талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысын тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында 3 тұрақты жұмысшы тобы құрылып, кеңес мүшелері бекітілсін:
 - материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржылық талдау:
Қ.Б. Жолдасов (төраға)
А.Т.Төлебаев
Ғ.Е.Токмырзаев
 - оқу - өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыру және түлектердің жұмыспен қамтылуы, кәсіпорындармен байланысы
Р.М.Сейдалиев (төраға)
Қ.К.Омаров
М.Қ.Изенбаев
Ғ.Т.Қартабаев

- Әлеуметтік мәселелер және тәрбие жұмысы
Ұ.М.Аманжолова (төрайым)
Б.Ж.Сембин
А.Т.Естенбаева
Г.Б.Науанова

Екінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Қ. Жолдасов

Қ.Жолдасов, кеңес төрағасы – кеңес мүшелеріне қамқоршылық кеңестің 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын ұсынды.

Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылай келе бірауыздан бекітуге шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжінің қамқоршылық кеңесінің 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Кеңес төрағасы

Қ. Жолдасов

Хатшы

Ұ. Аманжолова